



## БАҚ-тарға арналған хабарлама

### **«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы өзгертілді 25.06.2019 ж.**

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-да Қордың директорлар кеңесінің отырысы өтті. Кездесу барысында «Самұрық-Энерго» АҚ директорлар кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылданды. Атап айтқанда, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі болып Жәмиев Алмат Күнжолұлы сайланды, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры Лука Сутераның (Luca Sutera) өкілеттігі 1 жылға ұзартылды. «Самұрық-Қазына» АҚ экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры Қарымсақов Бейбіт Еркінбайұлы «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Қор Басқармасының шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ директорлар кеңесінің мүшелері Нұрлан Құсайынұлы Рахметовтың және Анатолий Тихонович Спицынның өкілеттігі тоқтатылды.

#### **Анықтама**

**«Самұрық-Қазына» ұлттық ал-ауқат қоры» акционерлік қоғамы** – дара акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын қор. Қор 2008 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған және ол коммерциялық құрылым – инвестициялық холдинг саналады. Оның миссиясы - Қазақстан Республикасының ұлттық ал-ауқатын көтеру және ұлттық экономиканы жаңғыртуға қолдау көрсету. «Самұрық-Қазына» өз миссиясын қоржындық компаниялардың ұзақмерзімдік құны мен тұрақты дамуын арттыру үшін оларды тиімді басқару арқылы, сондай-ақ ұлттық экономиканың басым секторларының дамуына каталитикалық инвестиция салу арқылы жүзеге асырады. Қор активі шамамен \$67 млрдты құрайды. «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобына мұнай-газ және көлік-логистика секторларының, химия және атом өнеркәсіптерінің, тау-кен кешендерінің, энергетика, машина құрастыру және жылжымайтын мүлік салаларының кәсіпорындары кіреді.

**«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы** – Қазақстандағы аса ірі электр энергетикалық холдинг, акцияларының 100%-ы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тиесілі. 2007 жылы құрылған. Жұмысының негізгі бағыттары: электр және жылу энергиясын өндіру; электр энергиясын жеткізу, бөліп-тарату және сату; энергетикалық көмір өндіру. Холдингтің құрамына энергия және көмір өндіру кәсіпорындары, соның ішінде: «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Алматы электр станциялары» АҚ, «О.Д. Қантаев атындағы Мойнақ су электрстанциясы» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ және т.б. кіреді.